

ӨТКЕН ЖЫЛЫ АЛМАТЫДА ҚҰРЫЛҒАН АЙМАҚТЫҚ ТАСЫМАЛДЫ БАСҚАРУ ОРТАЛЫҒЫ – РЦУП-2 ЖҮК ПОЙЫЗДАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫН ҰТЫМДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ, ЖОЛҒА ТАСТАЛҒАН ПОЙЫЗДАР МӘСЕЛЕСІН БОЛДЫРМАУ БАРЫСЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ОЗЫҚ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, ТЕМІРЖОЛ ЖЕЛІСІНДЕГІ КӨШБАСШЫЛАРДЫҢ БІРІНЕ АЙНАЛДЫ.

Нұрым ЖАНИЯЗОВ,
Алматы жүк тасымалы бөлімшесінің директоры



№4 (2821)
20/01/2023

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ДОСТИЖЕНИЯ ГОДА РАДУЮТ

В АО «НК «ҚТЖ» – крупнейшей национальной компании Казахстана с численностью персонала свыше 113 тысяч человек и филиальной сетью во всех регионах страны – подвели итоги года. Несмотря на геополитическую ситуацию, изменение традиционных цепочек поставок в 2022 году, АО «НК «ҚТЖ» обеспечило положительную динамику производственных и финансовых показателей.



Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

В рамках исполнения поручения Главы государства по трансформации ҚТЖ в транзитно-логистическую компанию разработана соответствующая «дорожная карта». Планируется усилить компетенции ҚТЖ, необходимые для выхода на внешние логистические рынки. Для исключения сдерживающих пропускную способность участков инфраструктуры на повестке – реализация крупных проектов (модернизация участка Достык – Мойынты, строительство линии Дарбаза – Мактаарал, обводной в обход Алматы и погранперехода Бахты – Аягөз).

ИСТОРИЧЕСКИЙ МАКСИМУМ

Эксплуатационный грузооборот составил 252 миллиарда тонно-километров, что на 5,3% больше уровня 2021 года. Это самый высокий показатель за годы независимости Казахстана. Также превышен исторический максимум объема перевозок между РК и КНР – 23 миллиона тонн (на 15% больше, чем в 2021 году). Контейнерный транзит по сравнению с предыдущим годом увеличен на 6% и составил 1 129 тысяч ДФЭ.

По итогам 2022 года перевезено свыше 14 миллионов пассажиров, что на 21,4% больше, чем в предыдущем. Пассажи-рооборот увеличился на 29,7% и составил 12 353 миллиона пассажиро-километров.

Возобновлено курсирование 14 пар международных поездов. Запущены пассажирские поезда сообщения Астана – Жезказган и Алматы – Жезказган, Астана – Костанай. Назначен пригородный поезд сообщением Конаев – Алматы.

Проведена работа по обновлению парка подвижного состава, развитию инфраструктуры. Заключен контракт на приобретение 537 пассажирских вагонов по технологии Stadler. Подписано соглашение с ALSTOM Transport SA на поставку 245 электровозов. Начато строительство вторых путей на железнодорожном участке Достык – Мойынты. Деповской ремонт произведен на более семи тысячах грузовых вагонов собственности АО «ҚТЖ».

На финансовом результате компании положительно отразились принятые правительством и АО «Самрук-Қазына» решения по рефинансированию и погашению долгов. Доля обязательств ҚТЖ в «твердой» валюте снижена с 57% в 2019 году до 30% в 2022-м.

В ИНТЕРЕСАХ ЛЮДЕЙ

Проведенные мероприятия позволили значительно увеличить уровень заработных плат работников производственного персонала АО «НК «ҚТЖ» за счет дифференцированного повышения окладов низкооплачиваемых профессий, выравнивания региональных коэффициентов до максимального областного уровня и выплат премий к праздничным датам. В сравнении с 2021 годом, на 40% увеличена заработная плата работников. В рамках программ признания более 2,8 тысячи работников поощрены за ликвидацию пожаров в Костанайской области, а также аварии на теплосетях в Экибастузе.

Большой объем работы проведен и по улучшению социально-бытовых условий производственных работников. В том числе отремонтировано 15 зданий и 404 бытовых помещения. В 2022 году на создание благоприятных условий труда,



в сравнении с 2021 годом, выделено в четыре раза больше средств.

В 2022 году внедрен аутстаффинг персонала, завершено создание единого портала поиска и закрытия вакансий job.railways.kz с интеграцией с системой Qsamruk. В целом за год закрыто более 6,5 тысячи вакансий.

Большим достижением стало то, что в 2022 году два проекта – ҚТЖ «Компактные HR-дашборды», «Привлекательная оптимизация» на международной бизнес-премии WOWHR 2022 признаны лучшими, что также легло в копилку достижений 2022 года для повышения рей-

тинга ESG. Компании присвоен высокий рейтинг ESG на уровне A2 рейтинговым агентством Moody's ESG Solutions.

ПО ПУТИ НУЛЕВОГО ТРАВМАТИЗМА

2022 год был объявлен в группе фонда «Самрук-Қазына» Годом безопасности и дал новый толчок развитию данного направления. Летом того года главы всех крупнейших портфельных компаний фонда, включая ҚТЖ, подписали личные обязательства по обеспечению безопасности своих сотрудников. А стальная магистраль, являясь крупнейшим работодателем страны, должна стать локомотивом развития

культуры безопасности во всех регионах Казахстана.

За существенное снижение в 2022 году количества несоответствий по производственной безопасности отмечены три филиала ҚТЖ.

В компании действует право на приостановку или прекращение небезопасных работ без отрицательных последствий для работника. За год работники использовали свое право на приостановление работ, угрожающих жизни и здоровью, около 600 раз. А всего было выявлено более 22 000 опасных условий и опасных действий против 25 000 выявленных угроз 2021 года.

БІРЛЕСКЕН ЖОБАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Біріккен Араб Әмірліктеріне ресми іссапары аясында ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Әмірліктер тарапымен теңіз айлақтарының инфрақұрылымын дамыту мен әуе қатынасы саласындағы әріптестікті нығайтуға бағытталған меморандумдарға қол қойды.

Қазақстан мен БАӘ арасындағы экономикалық байланысты нығайту мақсатында, оның ішінде көлік-логистика саласындағы әріптестікті арттыру үшін Abu Dhabi Ports компаниясымен теңіз порттарының инфрақұрылымын дамыту бойынша бірлескен жобаларды жүзеге асыру көзделіп отыр. Осы бағыттағы жұмысты тиімді іске асыру үшін министрлік Abu Dhabi Ports-пен өзара түсіністік туралы уағдаластыққа қол жеткізді.

Соған сәйкес аталған компанияға контейнерлік хаб пен Құрық портында «Саржа» көп қызметті терминалын салу, сондай-ақ кеме шығарып, жөндейтін зауыттың құрылысына байланысты жобалар ұсынылды.

«Таяуда Abu Dhabi Ports-тың басшысы Мұхаммед Әл-Шамсимен онлайн режимде келіссөздер жүргізіп, оның нәтижесінде Әмірліктер тарапы Құрық портын дамытуға қызығушылық танытып отырғаны белгілі болды. Сондай-ақ БАӘ-мен «Қазақтеңізкөлік-флоты» ҰТҚК» ЖШС-не 2 танкерді беру бойынша да келіссөздер жүргізіліп жатыр. Жоғарыда айтылған жобаны іске асыру үшін Abu Dhabi Ports – «ҚазМұнайГаз» – «Қазақтеңізкөлік-флоты» арасында бірлескен кәсіпорынды құру жоспарланған» деді ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаев.

Ислам ТАЛҒАТ

ЭФФЕКТИВНО ДОПОЛНЯТЬ ДРУГ ДРУГА



С начала года объем контейнерных перевозок по маршруту Китай – Европа – Китай на транзитных сервисах совместного предприятия железных дорог Казахстана, России и Беларуси АО «ОТЛК ЕРА» составил 31,7 тысячи ДФЭ.

В минувшем году из-за обострившейся геополитической ситуации и отказа европейских игроков работать с Россией транзитные перевозки по направлению Китай – Европа и в обратном направлении снизились на 30-35%. Эту разницу оператор компенсировал за счет развития перевозок между Китаем, Россией и Беларусью через Казахстан.

Часть грузов переориентировалась на другие коридоры через Казахстан. – Чем больше эффективных и конкурентоспособных коридоров на колее 1520, тем лучше для всех, – считает генеральный директор АО «ОТЛК ЕРА» Алексей Гром.

Он добавил, что альянс не относится к другим направлениям как к конкурентам и готов делиться накопленным опытом по развитию транзитных коридоров.

– Это, конечно, касается и коридора ТМТМ, тем более что в нем принимает непосредственное участие один из наших акционеров – АО «НК «ҚТЖ». То же самое в отношении коридора Север – Юг, – подчеркнул Алексей Гром. – «Коридоры – это не маршруты. Коридоры – это пространство» – такую мысль озвучил профессор Олег Дунаев. И на мой взгляд, очень важно, что эти пространства имеют возможность интегрироваться между собой, потому что периодически возникает дефицит пропускной способности или вагонов в одном из коридоров, и операторы, которые обслуживают эти коридоры, могут очень эффективно дополнять друг друга.

Любовь РОББА

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ӨТКЕН ЖЫЛЫ
ТРАНСКАСПИЙЛІК
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨЛІК
БАҒДАРЫ БОЙЫНША
1,7 млн тонна
жүк тасымалданды

«KTZ EXPRESS» АҚ
«СОЛТҮСТІК – ОҢТҮСТІК»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨЛІК
ДӘЛІЗІМЕН АШЫҚ
ВАГОНДАРДА
4500 тонна
домна коксының
ПИЛОТТЫҚ
ЖӨНЕЛТІЛІМІН
ҰЙЫМДАСТЫРДЫ

2022 ЖЫЛЫ ТЕМІРЖОЛ
КӨЛІГІМЕН
106,8 млн
тоннадан астам көмір
тасымалданды

«ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ВАГОН
ЖАСАУ КОМПАНИЯСЫ»
АҚ ЗАУЫТЫНАН СОҢҒЫ
ОН ЖЫЛДА
6696
жүк вагоны жасалып
шыққан

Қорытынды

ТРАНЗИТТІК ӘЛЕУЕТТІ АРТТЫРУ – БАСЫМ БАҒЫТ

Ағымдағы жылдың 18 қаңтарында Үкімет басшысы Әлихан Смайыловтың қатысуымен Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің кеңейтілген алқа отырысы өтіп, онда 2022 жылдың жұмыс қорытындысы қаралды.



Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

Министрлікке қарасты салалардың өткен жылы атқарған жұмыстарына шолу жасаған аталған ведомство жетекшісі Марат Қарабаев, 2022 жылдың қорытындысы бойынша көлік саласында ФКЗ (ИФТО) 103,9% құрағанын, транзиттік контейнерлік тасымал 6%-ке ұлғайғанын атап өтті. Сонымен қатар ол Қазақстан аумағы бойынша транзиттік жүк көлеміндегі өсім 19,6% құрап, жалпы көлемі 26,8 млн тоннаға жеткенін, осындай оң динамика жолаушылар тасымалы секторында да байқалып, 2,3%-ке өсім бар екенін атап өтті.

– Өткен жылдың желтоқсан айында 2030 жылға дейінгі ҚР көлік-логистикалық әлеуетін арттыру тұжырымдамасы әзірленіп, бекітілді. Еліміздің транзиттік әлеуетін арттыру мақсатында теміржол саласында ірі инфрақұрылымдық жобалар қолға алынды. Оның бірі – бытырғы қараша айында Достық-Мойынты учаскесінде

екінші жолдар құрылысының басталуы. Бұл жобаның жүзеге асуы аталған телімнің өткізу қабілетін 5 есе өсіреді. Быыл Алматы станциясы арқылы айналма жол құрылысы басталады. Осы жылдың соңына дейін «Дарбаза – Мактаарал», «Бақты – Аягөз» сияқты жобалардың техникалық жұмыстар мен ағымдағы жылы құрылыс жұмыстарына кірісеміз, – деді министр Марат Қарабаев.

Министрліктің алқа отырысында вице-министрлер өздері жауапты салалар жұмысына қатысты баяндама жасады. Мәселен, вице-министр Алмас Ыдырысов, көлік саласында атқарылған жұмыстар мен ағымдағы жылы алға қойып отырған мақсат-міндеттермен таныстырды. Оның айтуынша, 2022 жылы теміржол көлігімен 405 млн тонна жүк және 19,4 млн жолаушы тасымалданған. Сондай-ақ, пойыздарды жаңарту және жаңғырту бойынша заңнамалық шаралар қабылданған.

– 2022 жылы 62 бірлік Тальго жолаушылар вагоны, 42 локомо-

тив, 1400 астам вагон-платформа сатып алынды. Ал 2023 жылы 1500 ашық вагон, 307 жолаушылар вагонын, 130 локомотив және 2 мыңнан астам вагон-платформа сатып алу жоспарланып отыр. Сонымен қатар, өткен жылы 15 қалааралық бағдар жаңартылып, жаңа облыстардың құрылуына байланысты 4 жаңа бағдар ашылды және Алматы – Қонаев бағытындағы қала маңы пойызы іске қосылды, – деді вице-министр.

Ол өткен жылы бекітілген 2030 жылға дейінгі ҚР көлік-логистикалық әлеуетін арттыру тұжырымдамасын іске асыру нәтижесінде Қазақстан аумағы арқылы өтетін транзит көлемі 35 млн тоннаға дейін, соның ішінде контейнерлік транзит көлемі 2 млн контейнерге дейін ұлғайтынын атап өтті. 2030 жылға қарай шекаралық сауда хабтары, аймақтық транзиттік авиахабтар құрылып, жылжымалы құрам жаңаланбақ, сонымен қатар көлік инфрақұрылымын дамыту бойынша іс-шаралар іске аспақ.

(Жалғасы 2-бетте)



Айдын САТЫБАЛДИН,
и. о. начальника Алматинского эксплуатационного локомотивного депо:

**РАБОТА МАШИНИСТА
ПРОТЕКАЕТ НА ФОНЕ
ПОСТОЯННОГО И
ЗНАЧИТЕЛЬНОГО
НАПРЯЖЕНИЯ,
ОБУСЛОВЛЕННОГО
СОЗНАНИЕМ ОТВЕТ-
НОСТИ ЗА ЖИЗНЬ
ПАССАЖИРОВ И ПЕШЕ-
ХОДОВ, ЗА СОХРАН-
НОСТЬ ГРУЗОВ, ПОЭТО-
МУ ВАЖНО ПОВЫСИТЬ
ПЕРСОНАЛЬНУЮ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬ
КОМАНДНО-ИНСТРУК-
ТОРСКОГО СОСТАВА
ДЕПО ЗА ГАРАНТИЮ И
НАДЕЖНОСТЬ
БЕЗАВАРИЙНОЙ
РАБОТЫ, ОРГАНИЗА-
ЦИЮ ТРУДА И ОТДЫХА
ЛОКОМОТИВНЫХ
БРИГАД**



ҚОҢЫРАУ ШАЛУ ТЕГІН

Ұлан ОРАЗ,
Астана

СЕРВИС

Биылдан бастап темір жол вокзалдарының анықтама қызметіне ұялы телефоннан қоңырау шалу тегін болады.

«1433» анықтама нөміріне қоңырау шалу құны қалалық нөмірден минутына 0 теңгені, ұялы телефоннан минутына 25 теңгені құрайды. Қазіргі уақытта клиентке бағдарлануды арттыру мақсатында «Анықтама қызметін» жетілдіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Нақтырақ айтқанда, 2023 жылдан бастап «1433» анықтама нөміріне қоңырау шалу қалалық және ұялы нөмірден тегін болады». Бұл бүгінгідей ұялы телефон жаппай қолданыс құралына айналған кезде вокзалдың анықтама қызметін пайдаланушылар үшін өте қолайлы болмағы талас тудырмаса керек.

КӨМІР ҚОРЫ ЖЕТКІЛІКТІ

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

ЖОЛАУШЫ ТАСЫМАЛЫ

Жолаушы вагондарының жайкүйі, жалпы пойыздардың жылыту мәселесі қалай шешілуде деген сұрақтармен «Вагонсервис» АҚ Маңғыстау телімінің бастығы Нұржан Жұбанисовқа хабарласқан едік.



Оның айтуынша, түбек теміржолында қатты отыннан мәселе жоқ. Қорда жиналған көмір жеткілікті. №077-078 «Алматы-Маңғыстау» пойызында болған жағдайға қатысты да ойын білдірді. Ол жолы да пойызға әдеттегідей жергілікті жерден қажет көмір берілген. Десек те, оны қалай қолданады және вагонның техникалық жағдайы бұл мекеменің құзырынан тыс нәрсе екен. Вагон Маңғыстауға тиесілі болмағандықтан оның ТО-1 қызметі де Алматыда атқарылатын көрінеді. «Ал біздің вагондардың ішіндегі орташа жылулық +18-220 С шамасында сақталады. Вагондарды осы температурада ұстау үшін Маңғыстау станциясынан жүретін пойыздарға күніне 8-10 тоннадай көмір кетеді» дейді ол.

Көмір сұранысқа қарай артып не кеміп отырады. Яғни күн суыса артық, жылыса кем жағылады. Қазір Маңғыстау станциясынан тәулігіне 8-10 тонна, айына 250-300 тонна шамасында жұмсалуда екен.

– Өткен жылдың қаңтар айынан бастап есептегенде осыған дейін 12 ай ішінде құрамдарға барлығы 826 тонна 330 кг көмір беріліпті. Қоймамызда әлі 635 тоннадан астам көмір қоры бар. Қатты отыннан тапшылық болмайды, – деп сендірді «Вагонсервис» АҚ Маңғыстау телімінің бастығы Нұржан Жұбанисов.

Өткен айда Алматыға жарысқа бара жатқан маңғыстаулық жасөспірімдердің ата-аналары балалары мінген вагонның суықтығын алға тартып, оны ауыстыруды талап еткен жанжал туындағаны белгілі. Нәтижесінде Маңғыстаудан Алматыға бағыт алған пойыз бір жарым сағатқа кешігіп қозғалған еді. Ата-аналар талабы орындалып, жас спортшылар басқа вагонмен кетті. Осы оқиға әлеуметтік желіде тарағаны пойыздардағы жылу мәселесі жиі көтерілуде.

Суретті түсірген автор

ТРАНЗИТТІК ӘЛЕУЕТТІ АРТТЫРУ – БАСЫМ БАҒЫТ

(Соңы. Басы 1 бетте)

– Тұжырымдаманы іске асыру кезінде біз негізгі дәліздердің одан әрі дамуына басымдық беретін боламыз. Бүгінде геосаяси жағдайларға байланысты тауарды жеткізудің логистикалық тізбегінің бұзылып және дәстүрлі дәліздердің үзілуіне байланысты Транскаспий халықаралық көлік бағыты, сондай-ақ Солтүстік-Оңтүстік дәлізі өзекті бола түсуде. Мәселен, 2022 жылдың қорытындысына сәйкес ТХКБ бойынша тасымалданған жүк 2 есеге өсіп, 1,7 млн тоннаны құрады. Осы ретте ТХКБ дәлізіне қатысушы Қазақстан, Әзербайжан, Грузия және Түркия елдерімен өткен

жылдың 25 қарашасында Ақтау қаласында екі Жол картасына қол қойылды. Олар аталған дәліз бойындағы «тар жерлерді» бірлесе отырып жою және 2022-2028 жылдар аралығында ТХКБ әлеуетін дамытуды көздейді. Бұл өз кезегінде дәліздің өткізу қабілетін жылына 10 млн тоннаға дейін арттыратын болады, – деді Алмас Ыдырысов.

Оның айтуынша, келешегі кемел бағыттардың бірі – Солтүстік-Оңтүстік дәлізі. Бұл дәліздің шығыстағы тармағы Болашақ станциясы арқылы шығатын Қазақстан – Түркіменстан – Иран теміржол телімі болып табылады. 2022 жылы осы құрлықтық бағдар бойынша да жүк тасы-

малы өскен. Жалпы дәлізбен және теңізді қоса алғанда 1,5 млн тонна көлемінде жүк тасымалданған. Солтүстік-Оңтүстік дәлізі бойындағы «тар жерлерді» жоюға қатысты Жол картасы Қазақстан, Ресей, Түркіменстан және Иран елдерімен бірлесе әзірленген.

Вице-министр қазір «ҚТЖ» ұлттық компаниясын ұлттық көліктік-логистикалық компанияға трансформациялау бойынша жұмыстар басталғанын атап өтті. Сонымен бірге 2025 жылы Ақтау порты АЭА базасында контейнерлік хаб құру жоспарланып отыр. 2021-2022 жылдары екі контейнертасымалдаушы іске қосылса, 2023

жылдың бірінші тоқсанында жүк тиеу-түсіру техникаларын жаңарту жұмыстары жүргізіліп, тағы бір контейнертасымалдаушы іске қосылмақ. Бұл контейнерлік тасымал көлемін жылына 300 мың контейнерге дейін арттыра түспек.

Алқа отырысын қорытындылай келе Үкімет басшысы Әлихан Смайылов министрлік алдына бірқатар міндеттер қойды. Атап айтқанда, Ақтау, Құрық теңіз порттарын кешенді дамыту бойынша жұмыстарды жеделдетуге, ҚТЖ компаниясын көліктік-логистикалық ұлттық компания ретінде трансформациялау жұмыстарын сапалы жүргізуге, сондай-ақ локомотивтер мен вагондарды жаңарту үшін теміржол машинажасау саласын дамыту бойынша кешенді бағдарламасын әзірлеуге қатысты тапсырма берді.

«ҚЫС ШІЛДЕСІ» – ЖАУАПТЫ МАУСЫМ



АЙМАҚ

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

НЖС-6 бөлімшесі бойынша қысқы мезгілдегі жұмыстарды ұйымдастыру техникалық және тұрмыстық сипаттары бойынша екіге бөлінген. Бірінші кезекте әлбетте техникалық шаралар пысықталынып, жіті назарға алынады. Жуырда қыс мезгілін өткізу бойынша тексеріс жүргізген бөлімше басшылығы ең алдымен жылу қазандықтарына назар аударды. Басты себеп аязға байланысты шығыс өңірдегі көптеген жылу нысандары мен жылыту жүйелерінің сыр беріп, кезегімен істен шығуы болып отыр. Бұл орайда автономды түрде жылытуға мүмкіндік беретін үш қазандық толық қуатында жұмыс істеп тұрғаны анықталды. Күзге дейін ПЧ-38, ПЧ-29 мекемелеріне қарасты жылу ошақтары күрделі жөндеуден өткен болатын. Сол себепті бөлімшеге қарасты желі бойындағы жалпы саны 117 нысандағы температура ойдағыдай. Теміржолшылар тарапынан



ешқандай шағым тіркелмеген.

Биылғы қалың қар, аязды да боранды ауа райы отынға да шығын болып тұр. Осы ретте желі бойындағы мекемелердің көмір қоры басты назарға алынды. Бұл орайда техникалық қажеттілік үшін алынған 2 154 тонна қатты отын бар екендігі нақтыланды. Сол тәрізді дизельді жанармай-дық қыстық түрі бойынша да қор жеткілікті екен.

Тексеру шаралары әсіресе жол шаруашылығына жауапты ПЧ-42,

ПЧ-40 және ПЧ-39 мекемелері бойынша біршама күшейтілген түрде жүргізілуде. Бағытталарға арналған бес пневмоүрлегіштер мен жолшыларға тиесілі 82 бірлік автотехниканың жай-күйіне назар аударылды.

– Ең ауыр жұмыс жолшыларда, сондықтан олардың қысқы мезгілдегі қауіпсіздігі басты орында. Әсіресе бөлімше бойынша биыл қысты алғаш өткізіп отырған 176 теміржолшының жұмыс ырғағына ілесіп кетулері үшін

барлық жағдай жасалуда, – дейді бөлімшенің жол бөлімі бастығы Қайыргелді Ахметжанов.

Аймақтағы ПЧ-30, ПЧ-29 және ЭЧ-18 мекемелері де қысқы мезгілдегі жұмыс барысын ширата түскен. Боранды ауа райы әсіресе осы саланың Аягөз, Жарма станцияларындағы теміржолшылар үшін біршама машақат әкелгені рас. Алайда күн райының өзгеруі жайлы ақпараттарды уақытында алатындықтан алдын алу шаралары ойдағыдай жүргізіліп, қауыптарға жол берілмеді.

Бөлімше басшысы Айдын Шәукежанов вокзал шаруашылығы бойынша да нақты тапсырмалар беріп, қысқы мезгілдегі жолаушылар тасымалы үшін кедергі туындамауын негізгі міндеттер қатарына қойды. Жолаушылар пойызының кестеден кешігуі орын алмауы үшін барлық мүмкіндікті жасау тапсырылды.

Қазіргі таңда НЖС-6 бөлімшесі бойынша барлық құрылымдар штаттық режимде жұмыс істеп тұр.

Суретті түсірген автор

ҚАР ТАЗАЛАУҒА ЖҰМЫЛДЫ



НАУҚАН

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Сегіз жолақты Шұбарқұдық станциясынан тәулігіне 16-18 жұп пойыз өтеді. Екі жол жолаушылар пойызына арналған. Қазір ауа райының қолайсыздығынан автожолдар қатынасы ішінара тоқта-

Ақтөбенің Шұбарқұдық вокзалының айналасы қардан тазартылды. Жергілікті теміржолшылар өз күштерімен ұйымдасқан түрде қар тазалауға шығып, перронда қатқан мұзға дейін ойып, жолаушыларға жағдай жасады.

тылып, көпшілік сенімді де қауіпсіз көлік түрі – темір жолды тандаған. Бұл әрине өз кезегінде жолаушылар ағынын күрт өсіріп отыр.

«Биыл анау айтқандай қалың қар жаумады. Дегенмен қаңтарда үсті-үстіне жауған қарды дер кезінде тазалап отырдық. Жолаушылар қауіпсіздігі үшін



перронды да мұздан тазартып, кей жерлерге құм мен тұз себілді. Станция аумағы мен перронды қардан тазалауға осындағы барлық теміржолшылар жұмылдырылды, олардың қатарында теміржол полициясы да бар», – дейді станция бастығы Алтай Абдуллин.

Суретті түсірген автор

БАҒДАРШАМДАР ЖАҢАРУДА



МОДЕРНИЗАЦИЯ

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Өңірде «Тальго» жүрдек пойызының жүруіне орай Мақат станциясының екі жағынан, Жамансор, Мұқыр, Жантөрек, Ескене және Теңдік станцияларында қорғалатын, күзетілетін, автошлагбаумы бар барлығы 7 өткел салынды. Дистанция бастығы Айбек Жолдасовтың айтуынша, бүгінде қолданыстағы барлық кабель желісінің ұзындығы 481,174 шақырымды құрайды. 15 өткелдің үшеуі ПАШ автошлагбауммен, қалғаны қол-

мен атқарылатын автошлагбауммен жабдықталған. Барлық өткел жұмысы қадағаланады. Яғни жүрдек пойыз келе жатқанда оның жолын кесу мүмкін жағдайлар болмайды. Мәселен, 1,5 шақырым бұрын басқа жолдардың бірлі жабылып, шағын станцияларда белгі беру құралдары дыбыс бере бастаса, үлкен станцияларда пойыздың келе жатқаны репродуктор арқылы хабарланады. Жолда жұмыс жасап жүрген не басқа да адамдарға пойыздың келе жатқаны туралы ескерту беріледі.

Өткен жылы дистанция СЦБ, бай-

ланыс, КТСМ және радио қондырғыларға техникалық қызмет көрсету бойынша «жақсы» баға алып, ақау болмаған. Осы мерзімде 18 дана СІП түріндегі бұрма электржетектері, 122 дана электр қозғалтқыштар жаңасына ауыстырылды. Барлығы 349 бұрма электрлендірілген орталыққа қосылған. Ескене станциясы мен 44-бекетте релелік шкафтар түгел жаңартылды. Бұған дейін 1,475 шақырымға МКПА6-7х-21,2 байланыс кабелі төселген болатын. Пойыз жүріп өту сигнализациясы 140 шақырымға қайта




есептелді, пойыз өту үшін маршрутты екі учаскеден бұғаттау, сол аралықта жол монтерлеріне белгі беру қондырғыларын орнату жұмыстары да сәтті жүргізілді.

2022 жылы дистанция бойынша бағдаршам лампалары жарықдиодты модульдерге алмастырылды. Жұмысшылардың өз күшімен разъездерде ғимараттарға күрделі жөндеу жүргізіліп, бұрынғы көмірмен жағылатын пештер бұзылып, электр қазандықтарымен ауыстырылды.

Бүгінде дистанцияның аудандық тораптарын қосқанда 26 цехы бар. Олар негізінен станция разъезд-басында. 19 станцияның бәрі де электрлендірілген орталыққа қосылған. Өңірде барлық қызметтер цифрландыруға көшуіне байланысты Ақжайық және Мақат станциялары ЛАЗ жүйесі модернизацияланып, Raisecom RS3000-15 жүйесіне – яғни жабдықтардың жағдайы мен апатты жағдайларды шынайы көрсетіп отыратын және оларды қашықтан басқара алатын жүйеге көшті. Сонымен қатар қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жүріп бара жатқан қозғалмалы құрамның техникалық жағдайына автоматты бақылау жасайтын КТСМ құрылғысы іске қосылған. Өңірде Сағыз станциясынан Ганюшкино станциясына дейінгі жол телімі ВОЛС желісіне қосылып, мұнда да ақпаратты үлкен көлемде және шұғыл беруге жағдай жасалған. Айта кетерлігі, Ақжайық сигнализация және байланыс дистанциясы соңғы 30 жылда еңбек қауіпсіздігі бойынша бірде-бір ескерту алмаған.

Суретті түсірген автор

ВЗГЛЯД В БУДУЩЕЕ



В Академии логистики и транспорта прошла зимняя школа HIGH PROFFESIONAL WEEK, целью которой является развитие профессиональных навыков, повышение эффективности академической политики и научных исследований.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы



В работе школы принимают участие спикеры, тренеры, специалисты в области психологии, профессорско-преподавательский состав, сотрудники академии. Это отличная площадка налаживания информационного обмена научного и академического сообщества.

Открывая форум, президент – ректор АО «Академии логистики и транспорта» Салтанат Амиргалиева подчеркнула, что формат обсуждения актуальных вопросов развития высшего образования особенно важен. Ведь это отличный механизм укрепления сотрудничества между вузами и бизнес-партнерами.

В рамках встречи был поднят вопрос о развитии академической честности как фактора снижения коррупционных

рисков, цифровизации в стратегии современного университета, повышении глобальной конкурентоспособности казахстанских вузов, речь шла и о новых тенденциях в сфере логистики и транспорта.

Директор департамента управления человеческими ресурсами АО «НК «КТЖ» Сауле Истлеева выступила перед участниками с докладом на тему «Пересборка компетенций работников».

– Национальная компания постоянно трансформируется, развивается, ее цель – стать транснациональным и транслогистическим холдингом, и нам нужны люди с высокими навыками, определенными компетенциями. Это бизнес-мышление, цифровая составляющая, культура безопасности, постоянное саморазвитие, – подчеркнула Сауле Истлеева.

К слову, сегодня АО «НК


«КТЖ» является крупнейшим работодателем, в этой связи ведущему профильному вузу страны, каким является АО «АЛТ», необходимо готовить конкурентоспособных, профессионально мобильных специалистов, которые будут востребованы на рынке транспортных услуг. Ведь нужно не только иметь багаж знаний в области перевозок, тарифной политики, но и уметь детализировать факты, знать технику переговоров, владеть знаниями в области риторики, правильно анализировать.

Кроме того, Сауле Истлеева затронула тему новых компетенций мастеров производственного обучения академии «Шеберлер қазынасы», создания корпоративных программ, проведения занятий, инструктажей, обучения и других компетенций, которые, бесспорно, помогают в дальнейшей деятельности сотрудников.

В рамках встречи прошли сессии, интерактивные дискуссии, тренинги, работа в проектных группах. Зимняя школа стала отличной площадкой для обмена опытом, мнений, совместных решений, хорошим стимулом для развития транспортно-коммуникационного комплекса и науки.

Фото автора

ЗАВИСИМОСТЬ ОТ БИРЖЕВЫХ ТОРГОВ



По итогам биржевых торгов, проводимых в соответствии с законодательством, АО «Шубарколь комир» повысило цену на уголь с начала января текущего года. Таким образом, закупочная цена составила 6 898 тенге. По сообщению службы по корпоративным коммуникациям АО «Шубарколь комир», по сравнению с предыдущим годом, рост составил 13% при официальном уровне годовой инфляции 20,5%.

Светлана МОГАЙ,
Караганда



На сегодняшний день предприятие реализует уголь коммунально-бытового назначения бесперебойно. При этом продажа угля для коммунально-бытовых нужд происходит посредством биржевых торгов. То есть рынок сам определяет цену реализации. Определенные по результатам биржевых торгов оптовые покупатели угля самостоятельно формируют территорию собственных продаж, исходя из спроса потребителей. АО «Шубарколь комир» не продает уголь напрямую населению. Как стало известно, оно в первую очередь направляет добываемый уголь на внутренний рынок. На экспорт реализуется уголь тех фракций, которые используются энергетическими предприятиями, не домохозяйствами.

Эта новость не смогла оставить равнодушными людей, проживающих в населенных пунктах. Если ранее цена за тонну угля составляла 11 500 тенге, то с начала января она возросла в разы. В настоящее время общая погрузка угля составляет более 61 тысячи вагонов, в сравнении с аналогичным периодом погрузка снижена на 1,8%, или на

375 вагонов. Причина невыполнения плана – отказы грузоотправителей. Недогрузки вагонов с углем наблюдаются

ПРОДАЖА УГЛЯ ДЛЯ КОММУНАЛЬНО-БЫТОВЫХ НУЖД ПРОИСХОДИТ ПОСРЕДСТВОМ БИРЖЕВЫХ ТОРГОВ. ТО ЕСТЬ РЫНОК САМ ОПРЕДЕЛЯЕТ ЦЕНУ РЕАЛИЗАЦИИ.

на станциях Нура, Караганда-Угольная, Кызылжар.

За последние два месяца на станцию

Майкудук поступило 83 вагона с углем. В настоящее время в шахтерской столице функционирует три компании по реализации бытового угля для населения – ИП «Крылов», ТОО «Рапид», ТОО «Армандар орындалады».

– Специально созданной комиссией проводится мониторинг по снабжению населения коммунально-бытовым углем. Пока он имеется в достаточном количестве, – резюмировал первый заместитель директора филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» Болат Касенов.

Фото автора

Рационализаторство для повышения безопасности движения

Костанайский железнодорожник разработал фиксатор-захват для тормозного башмака для исключения самопроизвольного ухода подвижного состава на период его отстоя без локомотива на станционных путях.

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



Как сообщила ведущий инженер технического отдела Костанайского отделения ГП Наталья Коваленко, для предотвращения несанкционированного съема тормозного башмака применяют накат обода колеса подвижного состава. К сожалению, данный метод не всегда обеспечивает исключение съема башмака посторонними лицами, а также надежность закрепления в связи с особенностью тормозной системы вагонов, а также маневровой работой. Имеющиеся в продаже на интернет-ресурсах замки для сохранения тормозного башмака никогда не приобретали. Конструкционная особенность замка, разработанного инженером-технологом первой категории станции Есиль Костанайского отделения ГП Тамерланом Заткеном, отличается наличием

фиксирующих полок. Они прилегают к краям головки рельса и при фиксировании тормозного башмака позволяют свободно перемещаться вдоль рельса, исключая возможность съезда вагона или локомотива в результате заклинивания. Аналогов данного фиксатора-захвата для тормозного башмака на сегодняшний день нет.

Рационализаторское предложение 25-летнего Тамерлана Заткена «Антивандальный фиксатор-захват для тормозного башмака» позволило полностью решить имеющуюся проблему. Данное устройство состоит из корпуса в виде снабженной, с одной стороны, торцевым отверстием под ключ трубы и дужки в виде скобы. Корпус оснащен неразъемной малой скобой (прикрепленной перпендикулярно оси корпуса своей вертикальной частью) и прикрепленной разъемно-резьбовым стягивающим болтом. Стянутые скобы

плотно прилегают к полозу тормозного башмака под рукояткой. Фиксирующие полки скоб расположены у краев головки рельса, а охватывающие края малой и большой скоб располагаются под головкой рельса бесконтактно, без соприкосновения с головкой или несущей частью рельса. Таким образом, фиксатор устроен так, что он крепится надежно к полозу тормозного башмака под рукояткой и свободно перемещается вместе с ним (тормозным башмаком) вдоль рельса и при накате колеса на башмак исключает возможность съезда вагона или локомотива с рельс из-за заклинивания.

– Результатом применения данного устройства явилось повышение безопасности движения на станционных путях при оставлении вагонов, – комментирует изобретение Наталья Коваленко.

Фото автора

УМНАЯ ЛОГИСТИКА ПОД КЛЮЧ

Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана



В условиях меняющейся международной логистики большой ценностью становится надежность перевозок, а вкупе с короткими сроками – ценится вдвойне. АО «КТЗ Express» давно славится на рынке международных перевозок как надежный партнер.

Компания осуществляет уникальные перевозки под ключ. Так, дочерняя организация АО «КТЗ Express» – «Xinjiang KTZ International Logistics Co. Ltd» реализует регулярный мультимодальный сервис для перевозки грузов в контейнерах из Южной Кореи в Казахстан через Китай.

После погрузки на судно маршрут в 4 300 километров контейнер преодолевает всего за 30-45 дней. Со станции Порт Инчхон – Порт Пусан (Южная Корея) маршрут мультимодального сервиса пролегает через Ляньюньган (Китай) в Алтынколь, потом – в Алматы.

Особенность сервиса в том, что клиентам предоставляется порожний контейнер, осуществляется подсыл контейнера на склад забора груза, подсыл груженого контейнера на корейские морские порты, морской фрахт с портов Кореи до портов Китая, оформление транзитной декларации, экспедирование по территории Китая и Казахстана до станции Алматы.

Таким образом, клиенты АО «КТЗ Express» получают полное сопровождение, перевозку под ключ в очень короткие сроки.

Организация перевозки грузов с использованием возможностей порта Ляньюньган способствует дальнейшему развитию Экономического пояса Шелкового пути. Морской порт Ляньюньган является одним из крупнейших портов мира и связан прямым железнодорожным сообщением с Китаем. Благодаря постоянно растущей востребованности все время увеличивается перевозка грузов с использованием международных логистических сетей через транспортные коридоры Шелкового пути, в том числе через Ляньюньган.

Специалисты отмечают, что такая сложная доставка, умная логистика в международных грузоперевозках под ключ возможна благодаря четко отработанному плану. Все это укрепляет роль Казахстана в расширении перспектив трансконтинентальных перевозок и международного логистического сотрудничества.

НЕТ МЗДОИМСТВУ

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар



В Павлодарском отделении ГП продолжается работа по профилактике коррупционных правонарушений под руководством директора филиала. Особое внимание – сфере перевозок социально значимых грузов.

Напомним, в 2019 году в целях исполнения антикоррупционной политики, реализации антикоррупционного стандарта ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» и проектов, заключенных между ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» и проектным офисом «Адал жол», в филиале была создана комиссия по профилактике коррупционных правонарушений. Цель ее работы – профилактика возможности возникновения коррупционных рисков, проведение разъяснительной работы с сотрудниками филиала, потенциальными клиентами – грузоотправителями, грузополучателями, в том числе оказание содействия проектной офису «Адал жол» при проведении совещаний и встреч.

Сегодня во всех зданиях павлодарского филиала размещены информационные стенды разработанных программ, положения антикоррупционной политики общества включаются во все заключаемые договоры, касающиеся хозяйственной деятельности, закупки услуг, услуг по подаче-уборке вагонов и т. д. На постоянной основе проводится профилактическая разъяснительная работа на селективных и линк-совещаниях, в том числе расширенное совещание с начальниками отделов НОДГП-3, грузоотправителями и грузополучателями на тему «Концепция антикоррупционной политики Республики Казахстан на 2022-2026 годы».

В прошлом году принят ряд мер по противодействию коррупции. Например, в сфере грузовых перевозок обеспечено безбумажное оформление перевозочных документов в АСУ ДКР, прозрачность в подборе персонала и найма возможна за счет централизации процесса, проводится аудио-, видеофиксация заседаний региональных конкурсных комиссий. Также в сфере закупок мероприятий проводятся в помещениях с системой видеонаблюдения и посредством онлайн-платформ с аудио- и видеофиксацией. В заключаемые сделки включается антикоррупционная оговорка и информирование всех работников о коррупционных нарушениях со стороны работников КТЖ.

Объявление

АО «Кедентранссервис» (010000, г. Астана, ул. Достык, 18, кабинет 1414) объявляет о проведении закупок услуги по аудиту финансовой отчетности дочерней организации ТОО «Транспортный Холдинг Казахстана» за 2022-2024 годы. На основании требований пункта 4.21 Порядка осуществления закупок акционерным обществом «Фонд национального благосостояния» и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия) которых прямо или косвенно принадлежит АО «Самрук-Қазына» на праве собственности или доверительного управления, утвержденных решением Совета директоров АО «Самрук-Қазына» от 3 марта 2022 года (протокол № 193). Планируемая стоимость услуг по проведению аудита финансовой отчетности ТОО «Транспортный холдинг Казахстана» за 2022, 2023, 2024 годы без учета НДС 2 373 070 тенге.

Коммерческие предложения необходимо направить на электронный адрес: Akerimbayeva@kdts.kz. Окончательный срок представления коммерческих предложений – до 10.00 часов 13 февраля 2023 года.

Дополнительную информацию можно получить по телефонам: 8 (7172) 64-88-88 (вн. 9242), 8 707 428 89 30.

Твои люди, магистраль!

СЧАСТЛИВЫЙ ПОВОРОТ СУДЬБЫ

В Алматинском отделении грузовых перевозок отдел организации и условий перевозок считается направляющим звеном филиала. И то, что здесь «на капитанском мостике» находится Сандугаш Садыкова, за плечами которой богатейший опыт работы, навыков и мастерства, многое значит.



Елена КОЛДАСБАЕВА, Алматы

– Наверное, судьба! – так коротко ответила Сандугаш на мой вопрос о том, как попала на железную дорогу. Но сначала был иной путь. Девушка попробовала себя на педагогической ниве, окончив Талды-Курганский педагогический институт имени И. Джансугурова. Девятилетние годы внесли свои коррективы в экономику страны, массово закрывались предприятия, трудно было найти работу, но приходилось держаться на плаву. Одно время она работала в торговой сфере и в 1996 году вместе с подружкой поехала работать на станцию Достык. – Думаю, что в жизни многих наступал такой переломный момент, когда человек сознательно выбирает дело, которым хотел бы заниматься всю жизнь. И я очень рада, что в моей судьбе произошел такой счастливый поворот, – улыбаясь, говорит Сандугаш Садыкова. Она посчитала, что железная дорога открывает большие возможности для развития. А поскольку все в жизни строится на основе внимания, то решила получить еще одно высшее образование, окончив Казахскую академию транспорта и коммуникаций им. М. Тынышпаева, получив профессию бухгалтера, затем

Казахский университет путей сообщения – степень магистра экономики. На железной дороге девушка быстро вошла во все нюансы работы, поэтому руководство быстро оценило ее деловые качества и предложило должность товарного кассира по оформлению деклараций, а затем заведующей товарной конторой. Именно на станции Достык в полной мере Сандугаш раскрылась у талант грамотного руководителя, превосходного организатора. Вот где по-настоящему оказались востребованы ее знания практической работы. И результаты не заставили себя ждать. В 2013 году за вклад в развитие железнодорожного транспорта Сандугаш Садыкова удостоена знака «Почетный железнодорожник». А с августа 2019 году становится начальником отдела организации и условий перевозок Алматинского отделения грузовых перевозок. Спектр ее деятельности весьма широкий – это участие в разработке плана основных организационных и технических мероприятий, направленных на усиление профилактической работы по обеспечению безопасности движения поездов в грузовом хозяйстве, а также внедрение передовых технологий в организацию и условия грузовой работы и многое другое. За годы работы имеет множество почетных грамот и благодарственных писем от руководства национальной компании, награждена знаком «Адал еңбегі үшін», нагрудным знаком «Достық – Алашанькоу темір жолдарының түйіскеніне 20 жыл», медалью «Ерен еңбегі үшін», занесена на доску почета «Үздік мамандар». Имея статус деловой женщины, Сандугаш остается любящей супругой, нежной матерью для своих детей, а для себя выбрала счастливый маршрут, верный, надежный, предназначенный судьбой, связав свою жизнь с железной дорогой.

Фото автора

ПОЕЗДКА С КОМФОРТОМ

Более 2 500 детей из Экибастуза доставили пассажирскими поездами в Курорт-Боровое на зимние каникулы, а затем обратно домой.

Любовь РОВБА, Астана

С инициативой организовать отдых экибастузским школьникам в санаториях и курортах Казахстана выступила партия AMANAT, чтобы новыми впечатлениями и приятными эмоциями спланировать омраченное аварией на ТЭЦ Экибастуза начало зимы. Первые группы детей начали отправлять на отдых еще 31 декабря. Перевозкам детских организованных групп АО «Пассажирские перевозки» уделено особое внимание. Для обеспечения ребятам безопасности и комфорта в пути организовано свыше 30 дополнительных прицепных вагонов. По прибытии на станцию Курорт-Боровое детей ждала познавательная экскурсия по достопримечательностям курортной зоны, что сделало их каникулы еще более увлекательными и интересными.

ПЕСНЯ ДЛЯ ДРУЗЕЙ В ЗНАК БЛАГОДАРНОСТИ



Железнодорожники Усть-Каменогорска навестили своих патронатных воспитанников из Детской деревни Восточно-Казахстанской области и принесли всем ребятам, кто в ней проживает, отличные подарки. Это были очень трогательные и памятные минуты. Дети аплодировали своим гостям, говорили слова благодарности, а в завершение встречи исполнили красивую песню.


Ольга УШАКОВА, Усть-Каменогорск

Еще в середине декабря на предприятиях железной дороги в Оскеменском регионе ООО «Казпрофтранс» провело благотворительную акцию по сбору подарков для Детской деревни под названием «Новый год-2023. Каждый может стать Дедом Морозом». Работники предприятий принесли сувениры, сладости, игрушки. А представители молодежи сами проявили инициативу

и приобрели всем детям одинаковые подарки. – Купили блокноты, ручки, конфеты, печенье, красивые бутылочки для питьевой воды, – отметили дежурный станционного поста централизации Оскемен-1 Акмарал Маратова. С этим подарками профсоюзные активисты узла станции Оскемен-1, СпецсервисКурылыс, АО «Dosjan temir joly», представители молодежи из Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо, станции Оскемен-1, Оскеменского эксплуатационного вагонного

депо и приехали в Детскую деревню. Встречая гостей, все воспитанники и их педагоги собрались в актовом зале Дома творческого развития детей, который находится здесь же, в Детской деревне. Председатель первичной профсоюзной организации узла станции Оскемен-1 Берикхан Тлеужанов поздравил всех ребят с прошедшими праздниками, пожелав им успехов в учебе, здоровья, счастья, достижения поставленных целей в будущем. Исполняющая обязанности директора Детской деревни ВКО Кулчан Кыстаубаева напомнила,

«ЖАС ТЕМІР» ЖЕМІСІН БЕРЕ БАСТАДЫ...



Райхан РАХМЕТОВА, Астана

Бытлыр 1 қаңтарда басталған бағдарлама теміржол саласының даму перспективалары және тәлімгерліктің үздік тәжірибелерін енгізуді ескере отырып, компания кәсіпорындарын білікті мамандармен қамтамасыз етуді көздейді. Жас мамандар бес кезеңнен тұратын конкурстық іріктеуден өтеді. Бағдарламаның басты артықшылығы компанияның тәжірибелі қызметкерлері қатарынан жеке тәлімгерлердің басшылығымен жас мамандарды жедел дамыту болып табылады. Қатысушылар 3 ротациядан өтеді, олардың әрқайсысы 5 айға созылады. Жас маман әрбір ротация алдында оқытылады, олардың жеке тәлімгерлері болады, оларға ай сайын жалақы төленеді. Компания есебінен жатақхана да беріледі. Жеке даму жоспарлары бекітіледі және кәсіби мамандармен жұмыс жүргізіледі. Осы бағдарлама бойынша оқуға қабылданып, ротацияның алғашқы 5 айынан өткен 5 маман өздерінің жоба аясында үйренгендерін ортаға салды. Мәселен, олардың бірі Арыстан Жұман алғашқы ротациясын «КТЖ Express» АҚ-ның техникалық саясат департаментінде өткен. – Теміржол саласында жоғары білім алып, оқуды 2021 жылы бітірдім. Бытлыр осы бағдарламаға қатысып бағымды сынауға бел будым. Барлық кезеңдерден өткеннен кейін бізді жазда Астанаға шақырды. Мен Қарағандыдан келгендіктен жатақханаға



орналастым, қыркүйекте жұмысты бастап кеттік. Алғашқы кезде таныстыру, үйрету бағытында жұмыстар жүргізілді, бірте-бірте жұмыс ауқымы артып күрделене түсті. Бағдарлама аясында 1 жарым жылда толыққанды теміржолшы болып шығуымыз керек. Келесі 5 айлық ротация кезінде басқа департаментке ауыстырады. Менің жұмысым көбіне құжаттармен байланысты, – дейді А.Жұман. Ал Әйгерім Шымырбаева «КТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС маркетинг және сервистерді дамыту департаментінде менеджер ретінде тәжірибеден өтіпті. – Ротация кезінде атқарған жұмыстарым көп. Атап айтқанда, эко жүйе және электр бонды құжат айналымымен, мәліметтер базасымен жұмыс істеуді үйрендім. «Rail-Тариф», «Rail-Атлас» бойынша жұмыс істедім, шетел

теміржол әкімшіліктері арасында бизнестік қарым-қатынас құрдым. Клиенттердің Жүк тасымалы қызметтеріне қанағаттану деңгейі бойынша онлайн сауалнама жүргіздім. Маркетолог ретінде жарты млн астықтың транзит арқылы тасымалдануына және ҚТЖ экономикасын арттыруға үлес қосуға тырыстым, – деді өз сөзінде Ә.Шымырбаева. Жиында Аян Шарапат, Елдар Ахметбеков және Мадияр Жәдігеров сынды өзге де бағдарлама қатысушылары сөз алып, тәжірибе кезінде үйренгендерін арнайы слайдтар арқылы баяндады. Жастардың жігері мен ынтыласына, талабына риза болған ҚТЖ басшылары оларға түрлі сұрақтар қойып, алдағы арман-мақсаттарымен танысты және сол мақсаттарға жетер жолда сәттілік тіледі.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ТАРИХТЫ ТҰЛҒАЛАР ЖАСАЙДЫ

Өткен ғасырда отандық теміржол көлігінің тарихын жасаған тұлғалар туралы аз жазылып жүрген жоқ. Қазақтың тұңғыш дипломды теміржол инженері Тынышпаевтан бастап шойын жолдың шежіресіне айналған даңқты теміржолшылар қатарында Жамбыл станциясының пойыз құрастырушысы болған Жолшы Сыздықов та бар.

Ерман ӘБДИЕВ, Тараз

Социалистік Еңбек Ері, «Еңбек Қызыл Ту» орденді құрметті теміржолшының есімі өткен ғасырдың ортасына қарай бүкіл кеңестер одағына мәлім болды. Отызыншы жылдардың ішінде теміржолға табан тіреген бозбала бірнеше жыл стрелка бұрушы болып тәжірибе жинап, 1938 жылы пойыз құрастырушы болып ауысады да өмірінің соңына дейін табан аудармай еңбек етеді. Осы кәсіптен береке тауып, абыройға бөленеді. Кеңестер одағының теміржол көлігін дамыту ісіндегі қол жеткізген жоғары көрсеткіштері үшін Жолшы Сыздықовқа 1959 жылы Социалистік Еңбек Ері атағы беріліп, Ленин ордені және «Орақ пен Балға» Алтын жұлдызымен марапатталады. Аналары Ұлтуар екі ұлын – алты жасар Жолшы мен он-он екі жасар Қойшығараны жетектеп күнкөріс қамымен қалаға жетеді. Еті тірі әйел жергілікті қазақтар

«Көңзауыт» атайтын жылқы зауытына жұмысқа тұрады. Асыл тұқымды жылқы өсіретін зауытта қора сыпырсаң да аштан өлмейсің. Өкімет сол жылдардың өзінде осы салаға әжептәуір қаржы бөлген көрінеді. Осындағы күйеуінің туысы Сыздық оларға көп қарайласады. Кейін Ұлтуар Сыздыққа тұрмысқа шығып, оған дейін ешқандай құжаты болмаған балаларға туу туралы куәлік алғанда Сыздықов болып жазылып кеткен екен. Жолшы бастауыш сыныпты ауылдағы төрт кластық мектепте оқып, сосын теміржол станциясындағы мектепте бітірген. Жетіншіні бітірген соң еңбекке араласады. Теміржолшыларға берілген арнайы броньмен соғысқа бармай қалғанымен сол жылдары тылдағы жұмыс та майданның ешбір кем болмағанын Жолшы ақсақал көзі тірісінде жиі айтып отырады екен. Әскери жағдайға көшірілген теміржолда жұмыс істеу – оқ пен оттың ортасында жүрген жоқпын демесе, аса қиын, қатыгез кезең болыпты. Кейде бірнеше тәулік ұйқы көрмей, ашқұрсaq үсірік аяз бен желдің өтінде



жүретін кездері аз болмаған. Жоқтан бар жасап, бір адам бес-алты теміржолшының жұнысын жасайтын болған. Жолшы Сыздықовтың пойыз құрастырушылар жұмысын жеңілдету мақсатында ойлап тапқан төбешігі жоқ станцияларда құрамды екі-жақты құрастыру мен ажырату әдісі өндірісте өнертапқыш жаңалық ретінде танылып, «КСРО өнертапқышы» тесбелгісімен марапатталады. Бұл өнертапқыштық жаңалығы Түркістiң барлық бөлiмшелерi арасында

тиiмдi әдiс ретiнде қолданысқа енiп, кенiнен таратылды. Құрметті теміржолшы Жолшы Сыздықов – Жамбыл қаласының Құрметті азаматы. Қазір Тараз қаласында даңқты теміржолшы атында көше бар. Болат жолдың бойында қырық жылдай тер төккен майталман теміржолшы әулетінің негізін қалаушы болып табылады. Ұлкен ұлы Өмірбек өзінің ізімен пойыз құрастырушы болды. Салада ширек ғасыр еңбек етіп, Құрметті теміржолшы атанып, «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталған. Өмірлі 33 жыл тепловоз машинисі болып еңбек етті. Рысбек Өмірбекұлы Жамбыл бөлімшесінде, Алмас Рысбекұлы Өмірбеков Тараз локомотив жөндеу депосында, Ергали Айтбекұлы Сыздықов Ақыртөбе станциясында жол шебері болып еңбек етуде. Теміржолдағы жалпы еңбек өтілі 400 жылдан асқан бұл әулеттің мүшелері биыл туғанына 110 жыл толатын даңқты аталары Жолшы Сыздықовтың ізбасарлары екенін мақтан тұтады.

(Сурет обасы архивінен)

что железнодорожники давно стали их добрыми друзьями, с 2012 года участвуя в Комплексном плане мероприятий по поддержке детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей. Воспитанники стараются брать пример со старших товарищей. Выпускница Детской деревни Татьяна Маслова уже окончила железнодорожный вуз в Алматы и нашла работу по специальности. Сейчас на патронате у железнодорожников находятся шесть детей, но подарки получили все 45 воспитанников Детской деревни. Самым маленьким ребятишкам в возрасте трех-четырёх лет вручили игрушечные поезда, зверушек, сладости. Также Берикхан Тлеужанов отдельно поздравил с днем рождения патронатного воспитанника железнодорожников Архата Груздева, которому исполнилось 17 лет, и подарил ему памятный презент. Дети в знак признательности исполнили своим друзьям красивую песню. В завершение встречи, которая получилась теплой и душевной, сделали коллективное фото на память.

 ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ	 ҚАЗКӨЛІККӘСІП	Газет басылатын қалалар: Нұр-Сұлтан, Сілеті 30 «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2. «Хабар-Сервис» ЖШС Шымкент, Әлімқұлов көш., 22. «ERNUR Print» ЖШС	автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.	Меншікті тілшілер: Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80 Атырау: Қосыйым Мұқашев 8-778-946-09-66 Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87 Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45 Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17 Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59 Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53 Жамбыл: Ерман Әбдиев 8-777-682-70-73 Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76 Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00 Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61 Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97 Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 8-702-548-00-92	Редакцияның мекен-жайы: Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6. тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92	
Бас редактор Дина Муздубаева Бас редактордың орынбасары Меруерт Өмірзақова		Басылымның таралымы 11 340	Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.	Кезекші редакторлар: Л. Ровба, С. Бакесова	Газетті тарату жөніндегі менеджер Асель Распаева, тел.: 8 775 198 15 61, e-mail: raspayeva.assel@mail.ru	Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу куәлігі берілді.